

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№10 ХАТТАМАСЫ**

15 ақпан 2019 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпұльник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Азамат Жолдасбеков;
- 4) Қуат Домбай;
- 5) Ержан Игібаев;
- 6) Жұмагүл Тәжібекова;
- 7) Ерлан Бурабаев;
- 8) Татьяна Батищева;
- 9) Ирина Ледовских;
- 10) Александра Алехова;
- 11) Анна Видянова;
- 12) Гүлсара Алтынбекова.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Наурызбаева Нұрбүби Серекхажықызы, «БЖЗҚ» АҚ Төрайымы;
- 2) Егеубаева Сауле Аскарловна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, «БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры;
- 4) Фазылова Кәмилә Нұрланқызы, стратегиялық даму және актуарлық есептеулер департаментінің директоры;
- 5) Бақтыбаев Назым Әбдухалимұлы, «БЖЗҚ» АҚ Заң департаментінің директоры;
- 6) Забих Қадыржан Жасұланұлы, жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры;
- 7) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы, Кеңес хатшысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк өкілі (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Пасюгин Александр, ҚР ҰБ монетарлық операциялар департаментінің басқарма бастығы;

Отырысқа Кеңестің 12 мүшесі қатысты.

Отырысты Кеңестің төрағасы Е.Сейпұльник ашты. Ол отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2018 жылғы қызметі туралы есеп. Нәтижелер, тәуекелдер, шешімдер, 2019 жылға арналған жоспарлар.
- 2) «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерінің портфелін инвестициялық басқару. 2018 жылғы есеп, 2019 жылға инвестициялаудың негізгі бағыттары.
- 3) «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмысы. Кеңестің мәселелерді шешудегі көмегі.

4) Әртүрлі. Ұйымдастыру мәселелері.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ СДАЕД директоры Қ.Фазылова сөз сөйледі. Қор қызметінің 2018 жылғы алдын ала негізгі көрсеткіштері ұсынылды. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істеген 20 жыл ішінде алғаш рет таза инвестициялық табыс кіріс ағындарынан асып түскені атап өтілді. Зейнетақы активтерінің кірістілігі 2018 жылы инфляция деңгейі 5,3% - ға тең болған кезде 11,27%-ды құрады, яғни бір жыл ішінде зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік 5,97%-ды құрады. Салыстыру үшін өткен жылғы табыстылықтың ұқсас көрсеткіші 7,92% құрады, ұқсас кезеңдегі инфляция деңгейі 7,1% болды. Салымшылардың шоттарына бөлінген 2018 жылғы таза инвестициялық табыс 917,1 млрд теңгені, бұл ретте кіріс ағындары 848,7 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, жарналар мен БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер құрылымы туралы айтылып, БЖЗҚ қызметі нәтижелерінің басқа да көрсеткіштері келтірілді. 2018 жылы осындай нәтижелердің бірі бірнеше жыл бойы зейнетақы жарналары түспеген «ұйқыдағы шоттармен» жұмыс істеу болды. Баяндамашы 631 мыңнан астам адам телефон арқылы ЖЗШ мәселелері бойынша алғашқы кеңес алғанын, оның ішінде 128,5 мың адам өз ЖЗШ-сына жалпы сомасы 2,3 млрд теңге МЗЖ енгізгенін атап өтті. Толық ақпарат [enpf.kz](https://www.enpf.kz/ru/about/council/presentations.php) сайтындағы «Қоғамдық кеңес» бөлімінде орналасқан презентацияда берілген <https://www.enpf.kz/ru/about/council/presentations.php>.

«БЖЗҚ» АҚ қызметінің қорытындыларын талқылау барысында Кеңес мүшесі Азамат Жолдасбеков [enpf.kz](https://www.enpf.kz) сайтындағы зейнетақы калькуляторын жалақының нақты өсуін есептеу, сондай-ақ БЖЗҚ және өмірді сақтандыру компаниялары арқылы зейнетақы төлемдерін алудың салыстырмалы есептеулерін жүргізу мүмкіндігі тұрғысынан жетілдіру туралы өз тілегін білдірді.

Төмендегі ұсыныс түсті:

- БЖЗҚ-ның 2018 жылғы қызметі туралы есеп назарға алынсын;

- «БЖЗҚ» АҚ мамандары Қоғамдық кеңес мүшесі Азамат Жолдасбековтың ұсыныстарын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырсын. Мәселе келісуге ұсынылды.

«Қолдағандар» - 12,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

ҚР ҰБ Монетарлық операциялар департаментінің зейнетақы активтерін инвестициялық талдау және тәуекел-менеджменті басқармасының бастығы Александр Пасюгин сөз сөйледі, ол зейнетақы активтерін 2018 жылы инвестициялау бойынша жасалған жұмыстар мен 2019 жылы инвестициялаудың негізгі бағыттары туралы айтып берді. Баяндамашы инвестициялау қатаң түрде инвестициялық декларация аясында жүзеге асырылып жатқанын атап өтіп, келесі жайттарға тоқталды. 2016 жылдан бастап дербес және сыртқы сенімгерлік басқару шеңберінде активтер сыныптары бойынша портфельді инвестициялаудың жаңа стратегиясы әзірленді және жұмыс істеуде, зейнетақы активтерінің валюталық үлесі іс жүзінде 17% - дан 32% - ға дейін екі есеге ұлғайды. Сондай-ақ, ол 2019 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау нарық жағдайында жалғасатынын айтты. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін келесі негізгі бағыттар бойынша инвестициялау жоспарлануда:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу; зейнетақы активтері портфелін әртарапандыру мақсатында шетел валютасын сатып алу;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын сатып алу; екінші деңгейдегі банктердің және қазақстандық корпоративтік эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау.

Толық ақпарат enpf.kz сайтындағы «Қоғамдық кеңес» бөлімінде орналастырылған <https://www.enpf.kz/ru/about/council/presentations.php>.

ҚР ҰБ-тың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс түсті. Мәселе дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 12,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Басқарушы директор Мәулен Өтеғұлов сөз сөйлеп, 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың 20 проблемалық эмитентке қатысты жұмысы жалғасып жатқанын айтты. Олар 3 топқа жіктелген:

1) оңалту рәсімі қолданылған («Роса» АҚ, «Қазақстан Қағазы» АҚ және «Имсталькон» АҚ) эмитенттер. Атаулы құны бойынша берешектің жалпы сомасы – 16,2 млрд. теңге.

2) Қор тарапынан шағым-талап қою жұмыстары жүзеге асырылып жатқан эмитенттер. Олар: «Астана-Недвижимость» АҚ, «Mineral Resources of Central Asia» АҚ, «ТЕМА Ко.» АҚ, «НОМЕБРОКЕР» АҚ, «Казнефтехим» АҚ, «РЭМИКС-Р» АҚ, «ТЕХНО-LIFE» АҚ, «Альтернативті қаржы» АҚ, «Сары-Арқа Сарбазы» күзет корпорациясы» ЖШС, «Құрылыс материалдары және конструкциялар комбинаты-2» ЖШС, «Төрт Құдық» КБК» АҚ, «Өрнек ХХІ» АҚ, «АПКинвест корпорациясы» ЖШС, «АтамекенАгро» АҚ. Бұл топ бойынша атаулы құн берешегінің жалпы сомасы – 15,1 млрд. теңге.

3) Оларға қатысты банкроттық рәсімі жүзеге асырылатын эмитенттер («ТрансқұрылысКөпір» АҚ, «Валют-Транзит-Банк» АҚ, «GLOTUR» АҚ). Бұл компаниялар бойынша тарату үрдісі аяқталуда. Атаулы құны бойынша берешектің жалпы сомасы - 7,5 млрд. теңге.

2019 жылдың 1 қаңтарына жоғарыда аталған 20 проблемалық эмитент бойынша берешектің жалпы сомасы номиналды құны бойынша 38,8 млрд теңгені (зейнетақы активтері портфелінің 0,4%) құрады.

2014-2018 жылдар кезеңінде Қор алдындағы проблемалық активтер бойынша өтелген берешектің жалпы сомасы 17,57 млрд теңгені құрады, оның ішінде: 2014-2016 жылдары – 1,47 млрд теңге, 2017 жылы – 1,25 млрд теңге, 2018 жылы – 14, 85 млрд теңге.

Сондай-ақ, зейнетақы активтеріне залал келтіруге қатысы бар тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша жұмыс нәтижесінде 7 эмитентке қатысты мынадай қылмыстық іс жүргізу қозғалғаны атап өтілді:

ҚР ҚК 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы бойынша «РЭМИКС-Р» АҚ лауазымды адамдарына қатысты – «Аса ірі мөлшердегі алаяқтық». Залал мөлшерін анықтау бойынша аудиторлық тексеру және ҚРҰБ мамандарының қатысуымен тексеру жүргізілуде. Тексеру нәтижелері бойынша күдіктілердің әрекеттерін саралау туралы шешім қабылданады; «Өрнек ХХІ» АҚ басшылығына қатысты ҚР ҚК 176-бабы 4-бөлігі «б» тармағы бойынша «Аса үлкен мөлшердегі ұрлық» (ескі редакция); «Астана-Жылжымайтын мүлік» АҚ және «Астана-қаржы» АҚ қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 176-бабының 3-бөлігі «б» тармақшасы (1997ж. редакциясында) (Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ірі мөлшерде иемденіп алу немесе ысырап ету); «Құрылыс материалдары мен конструкциялары-2 комбинаты» ЖШС қатысты ҚР ҚК 430-бабы бойынша (Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге сот актісін не атқару құжатын орындамау); «GLOTUR» АҚ қатысты ҚР ҚК 190-бабының 4-

бөлігі 2-тармағы (Алаяқтық); «Имсталькон» АҚ лауазымды тұлғаларына қатысты ҚР ҚК 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы бойынша – «Аса ірі мөлшердегі алаяқтық».

Борышкерлер Қор алдындағы берешекті өтеу бойынша ұсыныстарды жандандырды. Мәселен, 4-тоқсан ішінде үшінші тұлғалар «Өрнек ХХІ» АҚ-ның Қор алдындағы 130 млн теңге сомасындағы берешегінің бір бөлігін өтеген, қарызды одан әрі толық өтеу нұсқалары қарастырылуда. «Тема Ко» жылжымайтын мүлік объектілерін беру арқылы Қор алдындағы берешекті өтеу бойынша ұсыныстар жіберді, олар қазіргі уақытта Қор тарапынан да қарастырылуда.

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Евгений Сейпульник Қордың тәсілдемелерін «Өрнек ХХІ» АҚ сияқты берешекті өтейтін проблемалық эмитенттердің борыштарын үшінші тұлғалардың өтеуіне рұқсат беруге дейін өзгерту қажеттігі туралы айтты. «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Наурызбаева Нұрбүбі Серікқажықызы Қор борышкерлердің барлық ұсыныстарын қарастырып жатқанын, жеке құжат шығару қажеттігі жоқ екенін, өйткені борышкерлер кепілгерлерінің қаржылық мүмкіндіктерін зерделегеннен кейін қарызды өтеу нұсқалары талқыланатынын түсіндірді.

«БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмыстары жөніндегі ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс түсті. Мәселе дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 12,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан»

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасы Евгений Сейпульник «БЖЗҚ» АҚ жанындағы Қоғамдық Кеңес туралы Ереженің 24-тармағы 2-тармақшасына сәйкес әрбір екі жыл сайын Кеңес өз құрамын жалпы санының 1/3 мөлшерінде жаңарту мақсатында дауыс беру өткізетінін айтты. Кеңестің хатшысы Ереженің 24-тармағының 1-тармақшасына сай Кеңес мүшелігіне кандидаттардың жаңа тізімі жасалатындығы туралы хабарландыруды (Кеңес төрағасының және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимыл жасауына жауапты Қордың Басқарма мүшесінің келісімі бойынша) жариялауға тиіс.

Мынадай ұсыныс жасалды:

1. Кеңес хатшысына enpf.kz сайтына кеңес мүшелігіне жаңа үміткерлерді қабылдау туралы хабарландыру жариялауды тапсыру.

2. Кеңестің құрамына қабылдануға үміткерлерді келесі отырыста қарау.

3. Қоғамдық кеңес мүшелері 2019 жылғы 20 наурызға дейін кеңестің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

Мәселе дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 12,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан»

ШЕШТІ

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

1.1. «БЖЗҚ» АҚ-ның 2018 жылғы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

1.2. «БЖЗҚ» АҚ мамандары Қоғамдық кеңестің мүшесі Азамат Жолдасбековтың enpf.kz сайтындағы зейнетақы калькуляторын жалақының нақты өсуін есептеу, сондай-ақ БЖЗҚ арқылы және өмірді сақтандыру компаниялары арқылы зейнетақы төлемдерін алудың салыстырмалы есептеулерін жүргізу мүмкіндігі тұрғысынан жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын іске асыру мүмкіндігін қарастырсын.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

ҚРҰБ-тың «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметі туралы ақпараты назарға алынсын.

Кеңестің келесі отырысында ҚРҰБ-тың зейнетақы активтерін жеке компаниялардың басқаруына беру туралы ақпараты тыңдалсын.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалы эмитенттермен жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

4.1. Кеңес хатшысына epnf.kz сайтына Кеңес мүшелігіне үміткерлердің жаңа тізімі жасалатындығы туралы хабарландыру жариялауды тапсыру.

4.2. Хатшы Кеңестің келесі отырысында дауыс беру үшін үміткерлер тізімін әзірлесін.

4.3. Хатшы келесі отырыста бекіту үшін Кеңестің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын жасасын.

**Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы**

**Е. Сейпульник
М. Акмаева**